Жоғары балл – жоғары білімнің кепілі ме?

Мектеп бітірушілер үшін ҰБТ-дан жоғары балл жинау үлкен мақсат. Біреулер үшін бұл грантқа түсу мүмкіндігі болса, енді біреулер үшін ата-анасының мақтанышы. Қоғамда «жоғары балл жинаған оқушы міндетті түрде жақсы білім алады» деген түсінік қалыптасқан. Бірақ шынымен солай ма? Жоғары балл, ең алдымен, оқушының белгілі бір емтихан форматына жақсы дайындалғанын көрсетеді. Ол оның еңбекқорлығын, уақытын дұрыс жоспарлай алатынын және мақсатқа ұмтылысын дәлелдеуі мүмкін. Алайда бір ғана көрсеткіш адамның білім деңгейін толық сипаттай алмайды. Мысалы, оқушы тест сұрақтарын өте жақсы меңгергенімен, алған білімін өмірде қолдануда қиналуы мүмкін. Ал басқа бір оқушының тест нәтижесі орташа болғанымен, оның сыни ойлау қабілеті, шығармашылығы немесе практикалық дағдылары жоғары болуы ықтимал. Демек, балл мен білімді теңестіру үлкен қателік.

Сонымен қатар жоғары балл кейде оқушының өз қызығушылығын емес, қоғамның талабын орындауына әкеледі. «Жоғары балл жинасаң ғана табысты боласың», «міндетті түрде грантқа түсуің керек» деген қысым жасөспірімнің білім алуға деген қызығушылығын төмендетуі мүмкін. Білім мақсат емес, тек жоғары нәтиже үшін жасалатын жарысқа айналады. Дегенмен жоғары баллдың маңызын да жоққа шығаруға болмайды. Қазақстанда ол көптеген талапкерлер үшін грантқа түсу жолындағы маңызды фактор. Сондықтан мәселе баллдың қажет немесе қажет еместігінде емес. Мәселе, оны адамның қабілеті мен білімін бағалайтын жалғыз өлшем ретінде қабылдамауда.

Нағыз білім тест аяқталғаннан кейін де адамның бойында қалатын білім. Ол ақпаратты жаттап қана қоймай, оны түсіну, талдау, сұрақ қоя білу және жаңа жағдайда қолдана алу қабілетімен өлшенеді. Сондықтан «жоғары балл - жоғары білімнің кепілі ме?» деген сұраққа біржақты «иә» деп жауап беру қиын. Жоғары балл жақсы мүмкіндік бере алады, бірақ жақсы маман болуға кепілдік бермейді. Ең маңыздысы баллдың артында қандай білім, қызығушылық және дағды тұрғаны.

Білімнің шынайы құндылығы цифрда емес, сол білімді адамның өмірінде қалай қолдана алатынында.